

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына жер учаскесін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 1 шілдедегі N 1038

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола облысының әкімі мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясының құрылысы мен объектілер кешеніне қызмет көрсетуге Ақмола облысының, Целиноград ауданы Ақмола ауыл шаруашылығы өндірістік кәсіпорнының жер пайдалануынан жерді тұрақты пайдалану үшін 67 га алаң, оның ішінде орманды - 47,5 га, жайылымды - 14,7 га және басқа да алқап - 4,8 га жер учаскесін бөлу туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасы аталған жерлерді алуға байланысты ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісінің шығындарына өтеу жүргізбейді деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі